

« Табантал орта мектебі » КММ

Кезктен тыс педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілу күні: 30.10.2023 ж

Қатысушылар – педагогикалық ұжым (24 педагог тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Табантал орта мектебі» КММ өзін - өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы.

А.С.Калиев- мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. А.С.Калиев - мектеп директоры

Мектеп директоры А.С.Калиев 2023 жылдың 29 қыркүйегінде өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. (қорытынды анықтама қоса жалғанды) Педагогикалық ұжым алдына қойылған міндеттердің бірі бұл мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу болатын.

«Табантал орта мектебі» КММ-де арнайы құрылған комиссия мүшелері 2023 жылдың 02 - 30 қазан аралығында өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізді.

Өзін-өзі бағалауын өткізу барысында комиссия мүшелері бағалау өлшемшарттарының критерийлеріне сәйкес жоспар бойынша толық зерделеу жұмысын жүргізді.

Комиссия мүшелері мектептің оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар зерделенді.

Осы талаптардың сақталуына қорытынды анықтама жасалынды. Қорытынды анықтама ұжым алдында толық оқылып, таныстыру үшін сөз директордың оқу ісі орынбасары Л.А.Адилгерееваға берілді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1) Л.А.Адилгереева - директордың оқу ісі орынбасары

Білім беру қызметін өзін өзі бағалауды жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілері: 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары, 2) оқыту және білім беру; 3) білікті қызметкерлердің болуы; 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау; 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық база бойынша зерделенді.

2023 жылдың 02 - 30 қазан аралығында мектептегі арнайы құрылған комиссия мүшелері оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуына өзін-өзі бағалау жұмысын төмендегі бағалау өлшемшарттарының нақты 4 критерийлері бойынша жүргізді.

1. Оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мазмұныны

2. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі

3. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар.

4. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектептің жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелерінің, оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарларының ҚР

мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделеніп, құжаттары тексерілді. Қорытынды анықтама жасалды. Қорытынды анықтамамен таныстыра келе, тексеру барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер де жоқ емес екенін айтты. Жіберілген кемшіліктерді түзетуге арнайы әдістемелік ұсынымдар берілді.

ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген (27.06.2023 №183) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде жасалған өзін-өзі бағалау кестесімен таныстырды.

2) С.С. Карасаева комиссия мүшесі

Оқу жоспарының жылжымалы жүктеме бөлігі (мектеп компоненті) оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған болуы керек деп есептеймін. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында педагогтар мен оқушылардың зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысуда облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде нәтижелердің аздығына көңіл бөлудің қажеттілігі туралы айтты. Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар элективті курстар, таңдау курстары бойынша білім алушылардың ғылыми жобалар қорғау жарыстарына қатысымы, зияткерлік олимпиадалар, пәндік олимпиадалар мен конкурстарға қатысым болу керектігі баса айтылды.

2) А.Г. Дабылбаева комиссия мүшесі.

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының бірі пән мұғалімдерінің 4, 9, 11 кластардағы білім сапасының стандарт талаптарына сәйкес болуы туралы айтты. МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша талдау жасады. Білім беру ұйымында бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері төмендегідей: 4-класс- «100%», 9-класс- «64%» көрсетті.

Өзін – өзі бағалау жұмыстары тыңдалып және талқыланып педагогикалық кеңес шешім етті:

ШЕШІМ:

1. Табантал орта мектебінің өзін- өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мен білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде жасалған өзін-өзі бағалау кестесі және қосымша барлық құжаттар электронды түрінде Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.
2. Мектептің өзін- өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің сайтына орналастырылсын.
3. Өзін- өзі бағалау жұмысы барысында мектептің оқу тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен мұғалімдердің кәсіби қызметтеріне даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерге берілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес іс-шаралар жұмыстары жоспарланып, орындалуы бақылауға алынсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:

А.С.Калиев

Л.М.Тұрмағанбетова

